

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Қазақстан тарихы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Көшпелілер киіз басып, кілем тоқу үшін пайдаланған шикізат:

- A) Сиыр терісі
- B) Ешкі жүні
- C) Жылқы терісі
- D) Қой жүні
- E) Түйе жүні

2. XVI ғасырдың бірінші ширегінде Қазақ хандығының ең жоғарғы қуаттылығын қамтамасыз еткен хан:

- A) Керей
- B) Жәнібек
- C) Бұрындық
- D) Қасым
- E) Мамаш

3. Жазба деректерде «қазақ» атауы белгіленіп, қолданылған кезең:

- A) XI ғ. екінші жартысы
- B) XII ғ. екінші жартысы
- C) XIII ғ. екінші жартысы
- D) XIV ғ. екінші жартысы
- E) XV ғ. екінші жартысы

4. Қазақ хандығының қалыптасуында негізгі рөл атқарған кейінгі ортағасырлық мемлекеттер:

- A) Үгедей ұлысы мен Қашғар хандығы
- B) Шайбан ұлысы мен Моғолстан
- C) Әмір Темір мемлекеті мен Ақ Орда
- D) Ақ Орда мен Моғолстан
- E) Әбілқайыр хандығы мен Алтын Орда

5. Қазақ хандығының алғаш негізі қаланған аймақ:

- A) Сырдария бойы
- B) Ұлытау тауы
- C) Жетісу жері
- D) Ертіс бойы
- E) Жайық бойы

6. Азамат соғысы жылдарында ақ гвардияшыларға қолдау көрсеткендер тізімінен қатені табыңыз:

- A) «Үш жүз» партиясы
- B) Кадеттер
- C) Эсерлер
- D) Шора-Ислами
- E) Меньшевиктер

7. 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде 10 бөлімнен тұратын бағдарлама жобасын жариялаған ұйым:

- A) «Түркістан федералистері» партиясы
- B) «Үш жүз» партиясы
- C) «Алаш» партиясы
- D) «РСДЖП»
- E) «Жас қазақ» ұйымы

8. 1917 жылдың күзінде «Қазақтың социалистік партиясы» («Үш жүз») деген атпен құрылған партияның жетекшісі:

- A) Ә. Бөкейханов
- B) К. Тоғысов
- C) М. Шоқаев
- D) Х. Ғаббасов
- E) Ә. Ермаков

9. Ақпан революциясынан кейін қос өкімет орнап, Түркістан өлкесіне Уақытша үкіметтің комиссары болып тағайындалған:

- A) Х. Досмұхамедов
- B) А. Байтұрсынов
- C) М. Тынышпаев
- D) Ә. Бөкейханов
- E) М. Шоқаев

10. Амангелді Иманов басқарған көтерілісшілердің штабы орналасқан аудан:

- A) Доғал-Үрпек
- B) Күйік
- C) Татыр
- D) Ақшыған
- E) Батпаққара

11. Амангелді Иманов бастаған көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында негізгі шайқас өткен жерлер:

- A) Асы, Қарқара
- B) Доғал-Үрпек, Күйік
- C) Самсы, Қастек
- D) Нарынқол, Шарын
- E) Қорам, Лепсі

12. 1916 жылы 22 қазанда Торғай қаласын қоршауға алған Амангелді Иманов сарбаздарының саны:

- A) 15000
- B) 5500
- C) 2700
- D) 50000
- E) 70000

13. Қазақстанның, Орталық Азияның және ішінара Сібірдің 19 бен 43 жас аралығындағы «бұратана» ер азаматтарын майдандағы тыл жұмысына «Реквизициялау туралы» жарлық қабылданды:

- A) 1912 жыл 28 сәуір
- B) 1912 жыл 12 мамыр
- C) 1915 жыл 7 наурыз
- D) 1916 жыл 25 маусым
- E) 1914 жыл 9 қазан

14. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қамтыды:

- A) Тек қана Қазақстанды
- B) Тек қана Жетісу мен Торғайды
- C) Орта Азия мен Қазақстанды
- D) Шыңжаң автономиялы округін
- E) Ресейдің шығысы мен Сібірді

15. 1857 жылы 9 қаңтарда Фитингоф әскерінен жеңілген Ж.Нұрмұхамедов өтіп кетті:

- A) Қытайға
- B) Хиуаға
- C) Иранға
- D) Ресейге
- E) Қоқанға

16. Қасым төре, Саржан, Есенгелді, Әлжан сұлтандар қаза тапты:

- A) Хиуа билеушілерінің қолынан
- B) Бұқар билеушілерінің қолынан
- C) Қырғыз билеушілерінің қолынан
- D) Қоқан билеушілерінің қолынан
- E) Ресей жазалау әскері қолынан

17. Кенесары сұлтан көтерілісіне қатысқан 80-нен астам сұлтан, билер мен старшындар қатысқан округ(-тер):

- A) Аягөз, Көкпекті, Ембі, Ырғыз, Николаев
- B) Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл
- C) Лепсі, Қаратал, Омбы, Тобыл, Верный
- D) Перовск, Қазалы, Қарқаралы, Омбы, Тобыл
- E) Аманқарағай, Верный, Орал, Зайсан, Көкпекті

18. 1837 жылы 15 қарашадағы Тастөбе шайқасының Исатай Тайманұлы жасағы үшін нәтижесі:

- A) Исатай Тайманов ауыр шайқаста қаза тапты
- B) Исатайдың жекпе-жекке шақыруын Қ.Бабажанұлы қабыл алмады
- C) Исатай жасағы патша әскерін басымдықпен жеңіп шықты
- D) Жеңіліп шағын топтарға бөлінді, қозғау күші әлсіреді
- E) Көтерілісшілер ірі байлардың ауылдарын шапты

19. Татар және орыс тілдерін меңгеріп, Хиуа мен Орынборда тұрған, орыс этнографы В.И. Дальмен, оқымысты-жиһангез Г.С.Карелинмен таныс болған көтеріліс басшысы :

- A) Сырым Датұлы
- B) Исатай Тайманұлы
- C) Махамбет Өтемісұлы
- D) Кенесары Қасымұлы
- E) Амангелді Иманов

20. 1891-1892 жж. Ресей шаруалары Шығысқа қарай жолға шығып, Орал сыртына 30 мың, Жетісу мен Сырдария облыстарына 12 мың шаруа орналасуының себебі:

- A) Патшаның арнайы жарлығы
- B) Жердің меншікке өтуі
- C) Түркістан губернаторлығының құрылуы
- D) Еуропадағы құрғақшылық
- E) Таяу Шығыстағы соғыс

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән  
Психология негіздері  
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Адам бойындағы түрлі сапалар мен олардың механизмдерін көрсетуді негіздейтін зерттеу әдісі  
А) реттеу  
В) негіздеу  
С) саралау  
D) зерттеу  
E) тестілеу
  
2. К.Жұмасова бойынша, адамға тікелей әсер ететін заттардың не құбылыстардың сезгіш анализаторларында тұтастай бейнелену процесі  
А) қабылдау  
В) қиял  
С) кеңістік  
D) уақыт  
E) иллюзия
  
3. Баланың ересек адамның көруіне байланысты арнайы эмоциялық-қимыл реакция комплексі  
А) жадырау  
В) күлу  
С) секіру  
D) жинақталу  
E) ойнау
  
4. Оқушылардың өзінің психикалық белсенділігі болмау фактісіне жататын сипат  
А) ауытқушылық  
В) іс-әрекеттілік  
С) үйренушілік  
D) қабілетсіздік  
E) жинақтылық
  
5. Адам мінезінің өзара байланысты психикалық қасиеттердің жүйесі  
А) факторлар  
В) жүйелер  
С) қасиеттер  
D) сипаттар  
E) принциптер

6. Жеке элементтерді немесе бөліктерді бір бүтін етіп біріктіру әдісі

- A) салыстыру
- B) біріктіру
- C) жүйелеу
- D) айқындау
- E) негіздеу

7. Адамның темперамент, мінез, қабілет арқылы мінездемеленетін жеке басына тән психологиялық сипат

- A) қасиет
- B) кейіп
- C) процесс
- D) пән
- E) объект

8. Жас өспірімдік кезеңде қойылған жеке мақсаттың әр жолы ортақ мақсатпен байланыстылығын маңызды деп санаған ғалым

- A) Л.Н.Толстой
- B) Р.С.Немов
- C) Н.К.Крупская
- D) Л.Д. Столяренко
- E) П.Я.Гальперин

9. Адамның ойы мен әрекетінің негізгі бағытына із қалдыратын күшті, терең, тұрақты эмоция

- A) құмарлық
- B) ұқыптылық
- C) сенімділік
- D) ғұмырлық
- E) кейіптілік

10. Адамның белгілі-бір іске деген айрықша қабілеттілігін көрсетуі

- A) дарындылық
- B) енжарлық
- C) жігерлік
- D) іздемпаздық
- E) ілтипаттық

11. Орталық жүйке жүйесінің төменгі бөлімі

- A) жүйке
- B) ми
- C) тамыр
- D) самай
- E) жұлын

12. Бала мен ересек адамның өзара қарым-қатынасының дамуында болатын объективті құбылыс

- A) қарым-қатынас дамуы
- B) сипаттық байланыс
- C) үш жас дағдарысы
- D) әрекет жиынтығы
- E) ынтымақтастық

13. Адамның қызығуы мен дүниетанымына, мамандығы мен білім деңгейіне байланысты болып отыратын апперцепция

- A) тұрақсыз
- B) икемді
- C) тұрақты
- D) жинақы
- E) дәлелді

14. Жеткіншектік кезеңдегі ағзаның қайта құрылуы басталатын жүйе

- A) гипофиздік
- B) шеткі
- C) әлеуметтік
- D) эндокриндік
- E) орталық

15. Адамның іс-әрекетті атқаруға талаптанып, белсенділігін қуаттайтын ниеті

- A) ұмтылу
- B) құмарлану
- C) сену
- D) қызығу
- E) үміттену

16. Сөйлеуде адамдар бір-бірін белгілер мен таңбалар арқылы түсіну қызметі

- A) динамикалық
- B) сигнификативтік
- C) жүйелік
- D) перцептивтілік
- E) адымдық

17. Жоғарғы сезімдерге жатқызылатын тізім

- A) абуляциялық, стеникалық, астеникалық
- B) құмарлық, сезімдік, аффектік
- C) стресстік, тұрақтылық, көркемдік
- D) дыбыстық, денелік, көркемдік
- E) эстетикалық, интеллекттік, адамгершілік

18. Мұғалімдер арасында олардың қызметін ұйымдастырып, жүзеге асыратын қатынастардың шартты түрде аталуы

- A) мұғалімдік
- B) кеңестік
- C) ресми
- D) бұқаралық
- E) жиындық

19. Қазақстандағы алғашқы «Қазақ республикалық психологтар қоғамының» құрылған жылы

- A) 1987
- B) 1958
- C) 1975
- D) 1971
- E) 1983

20. Қиялдың жасалу жолдары бойынша гипербола ұғымының мағынасы

- A) жөндеу
- B) алшақтау
- C) күшейту
- D) шарықтау
- E) сипаттау



***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Реттеу-түзету әдістеріне жататын әдістер

- A) аутотренинг
- B) оқу-үйрету
- C) елестету
- D) сипаттау
- E) негіздеу
- F) қоғамдық
- G) бағыттылық
- H) сезімдік

22. Психологтардың Бүкілодақтық қоғамының қызмет ете бастау жылы

- A) 1957
- B) 1945
- C) 2000
- D) 2002
- E) 1856
- F) 1723
- G) 1898
- H) 1784

23. Нейрондардың тарамдала келіп, өзара түйінделіп бітетін жері

- A) әрекет
- B) сана
- C) психика
- D) синапс
- E) жүйке орталықтары
- F) орталық ми

24. Психология ғылымының дамуындағы қарама-қайшы философиялық көзқарастар

- A) жалпыламалық
- B) идеалистік
- C) материалистік
- D) жақтасты
- E) өзгерістік
- F) құбылмалы
- G) сипаттамалы

25. Зейін сөзінің ой-санамызда белгілі іс-әрекетке байланысты мағынасы

- A) шоғырлану
- B) шому
- C) жинақтау
- D) апару
- E) қимылдау
- F) түсіну

26. Фрейдизм бағытын ұстанушы ғалымдар

- A) З.Фрейд
- B) А.Фрейд
- C) С.Спок
- D) К.Тиммер
- E) Ж.Зангер
- F) Ф.Фиаске

27. Түйсік қасиеттерінің негізгі түрлері

- A) қарқын
- B) сапа
- C) ес
- D) зейін
- E) сезім
- F) қабілет

28. Әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерінің жиынтығы

- A) мінез
- B) тұлға
- C) сезім
- D) эмоция
- E) ерік
- F) қабілет

29. Мұғалімнің балалармен қарым-қатынас жасаудағы қарым-қатынас стильдері

- A) авторитарлық
- B) либералды
- C) демократиялық
- D) сензитивті
- E) қосарлық
- F) таңдамалылық

30. Төменгі сынып оқушыларын оқудың жаңа жүйесіне көшіруде елеулі еңбек сіңірген ғалымдар

- А) Аристотель
- В) Л.Я.Зимняя
- С) Гиппократ
- Д) Д.Б.Эльконин
- Е) В.В.Давыдов
- Ғ) З.И. Рядов
- Г) Л.Б.Занков
- Н) К.Н. Кубинин

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Суретші қыз**

Дана сурет салуды бала кезінен жақсы көреді. Ол тіпті кішкентай кезінде аспанға қарап, бұлттардың әр формаларынан түрлі бейнелер ойластырып, ертегі құрастырғанды жақсы көретін, қызықты көрген нәрселерін қағаз бетіне түсіріп, бейнелер жасап, бояуға құмар болды. Ол суретші болуды армандады, есейе келе суретке мақсат-бағдарлы назар аударып, суреттің арнайы оқуын бітіріп алды. Дана үшін суретші мамандығынан артық мамандық жоқ.

31. Дананың оқу, тәрбие, күнделікті тұрмыс жағдайында өз басы үшін ашатын жаңалығы

- A) субъективті
- B) объективті
- C) естік
- D) мінездік
- E) қарым-қатынастық

32. Дананың бұлттарды көріп, оларды суреттеп, ертегі құрастыруына әсер ететін қиял түрі

- A) шығармашыл
- B) объективті
- C) қызығушылық
- D) мінездік
- E) қарым-қатынастық

33. Дананың өзіне ұнаған мамандығын армандауы, бала кезінде қолға жетпес, бірақ келешекте орындалса деген өмірлік мүддесін қанағаттандыруға қажетті қиял түрі

- A) арман
- B) қабілет
- C) үйлесімділік
- D) мінездік
- E) қарым-қатынастық

34. Дананың суретші болуына ең алдымен әсер ететін таным

- A) қиял
- B) сөйлеу
- C) ес
- D) мінез
- E) қарым-қатынас

35. Дананың бірнеше заттардың жеке элементтері мен бөліктерінің бір бейнеде қосуы

A) агглютинация

B) супервизия

C) ритмика

D) түрткі

E) бағыт-бағдарлық

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Жолбарыстың мейірімі**

Қасына жақындауға қорқатын, адамның үрейін келтіретін жолбарыс та өз ұрпағына қамқорлықпен қарайды. Жолбарыс ананың азу тістері қаншалықты ірі болып, өз жемтігіне батып кетсе-дағы жаңа туған ұрпағын азуына салып, жауларынан қорғап, тістерін батырмай жүре алады екен.

36. Жолбарыстың өз ұрпағын не себепті қорғап жүреді?

- A) аналық махаббаты
- B) инстинкт
- C) аналық мейірімі
- D) кездейсоқтық жағдай
- E) ұрпағын өзімен бірге жүргізу үшін

37. Жолбарыс шығаратын дауысы қандай қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған?

- A) биологиялық
- B) рухани
- C) экологиялық
- D) географиялық
- E) адамгершіліктік

38. Жолбарыс пен адамның негізгі айырмашылығы

- A) сана
- B) рух
- C) еңбек
- D) сөйлеу
- E) психика

39. Жолбарыстың қылығына жататын сипат

- A) әлеуметтік
- B) рухани
- C) еңбек
- D) сөйлеу
- E) психика

0001 - нұсқа

40. Жолбарысқа тән емес сипатты көрсетіңіз

- A) психика
- B) инстинкт
- C) рефлекс
- D) бірінші сигнал жүйесі
- E) екінші сигнал жүйесі

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***